

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ СОТЫ

24 маусым 2022 жыл

№: AIFC-C/CA/2022/0014 ic

«ДЖЕНГИЗ ИНШААТ САНАЙИ ВЕ ТИДЖАРЕТ А.Ш.» АҚ

Талап қоюшы

және

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ
МИНИСТРЛІГІНІҢ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс

БҰЙРЫҚ

Апелляцияға беру туралы арызды қабылдаудан бас тартылды.

ШЕШІМ

1. № AIFC-C/CFI/2021/0005 іс бойынша 2021 жылғы 16 қарашадағы шешіммен «Астана» халықаралық қаржы орталығының Бірінші инстанциядағы Соты талап қоюшы - «Дженгиз Иншаат Санайи ве Тиджарет А.Ш.» АҚ («Дженгиз») пайдасына 1 335 170 366 теңге сомасында шешім шығарды және жауап беруші - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитетін («Комитет») осы соманы Дженгиз пайдасына бұйрық шығарылған күннен бастап 28 күннің ішінде төлеуге міндеттеді.
2. Кейін Комитет Бірінші инстанциядағы Сотқа сот шешімі бойынша жасалуы тиіс төлемнің мерзімін ұзарту туралы арызбен жүгінді. № AIFC-C/CFI/2022/0001 іс бойынша 2022 жылғы 28 сәуірдегі шешіммен Сот борышты төлеудің мерзімін ұзартты және Комитет борышты 2022 жылғы 30 қыркүйектен кешіктірмей төлеуі тиіс деп қаулы етті.
3. Қазіргі уақытта Дженгиз 2022 жылғы 28 сәуірдегі шешімге Апелляциялық Сотқа апелляция беруге рұқсат алу жөнінде арыз беруде. АХҚО Сотының 29.6 Қағидасында егер Сот (1) апелляцияның сәтті болуының нақты мүмкіндіктері бар деп немесе (2) апелляциялық шағым қаралуы үшін тағы бір салмақты себеп бар деп есептесе, апелляцияға рұқсат беруге болатындығы қарастырылған. 29.7 Қағидаға сәйкес, апелляцияның сәтті болуы төмен тұрған Сот шешімі (1) дұрыс емес немесе (2) елеулі процессуалдық немесе сот өндірісін басқалай бұзушылық себебінен әділсіз болғанын анықтауға байланысты.
4. Борышты төлеу мерзімін 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін ұзартуды өзінің негіздеуінде судья (Судья Сэр Руперт Джексон) былай деп көрсеткен:

“2. Мен екі тараптың да ұсынған материалдарын мұқият қарап шықтым.

3. Автомобиль жолдары комитетінің кінәсі оның 2021 жылғы 16 қарашадағы сот шешімін орындау үшін қаражат қамтамасыз ету бойынша уақтылы шаралар қабылдамауында. Екінші жағынан, ағымдағы ахуалдың жайы бойынша, мұның нәтижесінде сот шешімі бойынша борышты төлеуге Комитеттің қазіргі уақытта жағдайы жоқ.

4. Қажетті қаражатты қамтамасыз ету үшін Комитетке бір жыл уақыт керек дегенмен мен келіспеймін. Сақталуы қажет процедуралар бар, алайда, егер де Комитет жылдам әрекеттенетін болса, ол қажетті қаражатты 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейін қамтамасыз ете алады.”

5. Дженгиз апелляцияға беруге рұқсат туралы өзінің өтінішхатын қолдап, екі негізгі аргументті ұсынып отыр. Біріншіден, ол Сот берген мерзімді ұзарту өте ұзақ және төлемнің Комитет

тарапынан қасақана созылуына ықпал етеді деп мәлімдейді: ол қазіргі уақытта Комитеттің борышты төлеуге жағдайы бар, бірақ мүмкіндігінше ұзағырақ созуға ниетті және Соттың төлем мерзімін ұзарту туралы Бұйрығы анағұрлым ерте атқарушылық өндіріс мүмкіндігін болдырмайды деп мәлімдейді. Екіншіден, ол Комитет тарапынан міндеттемелердің ұзақ уақыт бойы орындалмауы тудырған Дженгиздің өзінің қаржылық қиыншылықтарын Сот назарға алмағанын мәлімдейді. Ол барлық мән-жайларда борыштың төлеу мерзімін кейінге қалдырудың әділ және орынды мерзімі «2022 жылғы 30 маусым немесе одан анағұрлым ерте мерзім» және бұл уақыт Комитетке өз міндеттемелерін төлем жолымен орындауға мүмкіндік беретін еді деп мәлімдейді.

6. Сонымен, төлем мерзімін ұзарту қағидаты қазіргі уақытта дауланбайды. Бұл арызда көтерілген жалғыз мәселе ұзарту берілуі тиіс күнге қатысты болып табылады. Бұл мәселеге келетін болсақ, судья өзінің пікірін оған берілген материалдардың негізінде қалыптастыруы, бәсекелес ой-пікірлерді салмақтауы және өзінің қарауы бойынша тиісінше әрекет етуі тиіс болатын. Ол бірде-бір мәселені назарсыз қалдырмаған және екі жақтың берген материалдарын мұқият зерделегенін ұқтырды. Ол шығарған шешім, Дженгиздің алға тартып отырған аргументтеріне қарамастан, орынсыз болды немесе шешім қате болды деп айтуға болмайды. Іс қараудың барысында қандай да бір процессуалдық немесе өзге бұзушылықтарға жол берілді деп мәлімделмеген. Бұл мән-жайларда апелляцияның сәтті болуының нақты мүмкіндіктері жоқ; бұдан басқа, алға тартылған мәселелердің апелляция қаралуы тиіс болатындай ешқандай басқа салмақты себебі де жоқ.
7. Тиісінше, апелляцияға беруге рұқсат берудің шарттары сақталмаған және рұқсат туралы арызды қабылдаудан бас тартылуы тиіс.
8. 2022 жылғы 28 сәуірдегі Бұйрықтың шарттары төлемнің 2022 жылғы 30 қыркүйекте немесе одан ертерек жасалуын талап ететінін; және Сотқа Комитет ұсынған ақпарат бойынша, іс жүзінде төлем шамамен 2022 жылғы маусымның аяғында жасалуы ықтимал болып көрінетінін атап өту керек. Алайда төлемді 2022 жылғы 30 қыркүйектен ертерек мерзімде жасауды талап ету үшін Соттың араласуына негіздер жоқ.

Сот қабылдады,

Өкілдік ету:

Талап қоюшының өкілі Енсибаев Данияз Муратович мырза болды, Law Lab

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.